

Комекбаев Ермек Сержанұлының «Қос дипломды білім беру стандарттарын әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының жоғары білім беру сапа менеджментінің жүйесіне енгізу» тақырыбындағы, 8D07501 – «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың өзектілігі

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде интернационалдандырудың, цифрландырудың және ішкі сапаны қамтамасыз ету тетіктерінің рөлінің артуымен айқындалады. Қазіргі жағдайда бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламалары халықаралық академиялық ынтымақтастықтың нысаны ғана емес, сонымен қатар кадрларды даярлау сапасын арттырудың, академиялық ұтқырлықты дамытудың, жоғары оқу орындарының институционалдық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін күшейтудің тиімді құралына айналуға.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында қосдипломды білім беруді дамыту оқу бағдарламаларын жобалау, іске асыру, мониторингтеу және олардың сапасын бағалау бойынша бірыңғай стандартталған тәсілдің болмауына байланысты бірқатар жүйелі мәселелермен қатар жүруде. Тәжірибеде бұл оқу жоспарларын келісу тәсілдерінің әртүрлілігі, оқу нәтижелерін тану, пәндерді өзара есепке алу, серіктес жоғары оқу орындары арасындағы жауапкершілікті бөлу және білім алушыларды сүйемелдеу рәсімдерін құжаттандырудағы айырмашылықтар арқылы көрініс табады. Осыған байланысты қосдипломды білім беру саласында әдістемелік ұсынымдар мен ұйым стандартын әзірлеу Қазақстан Республикасының жоғары білім беру сапа менеджменті жүйесін жетілдіру үшін маңызды ғылыми және қолданбалы міндет болып табылады.

Зерттеудің мақсаты

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кейіннен енгізу үшін қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған әдістемелік ұсынымдар мен стандартын әзірлеу.

Зерттеу міндеттері

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін диссертацияда келесі міндеттер айқындалып, шешілді:

1. Қазақстан Республикасында және шетелде қосдипломды білім берудің қазіргі жағдайына талдау жүргізу;
2. Білім беру үдерісінің сапасына және бағдарламалардың тұрақты іске асырылуына ең көп әсер ететін қосдипломды бағдарламалардың сипаттамаларын айқындау;

3. Бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын реттейтін ұлттық және шетелдік нормативтік құжаттарды жүйелеу және осының негізінде стандарттауға жарамды талаптарды бөліп көрсету;

4. Сапаның өлшенетін көрсеткіштері моделін, әдістемелік ұсынымдарды және жоғары оқу орнының сапа менеджменті жүйесіне қосдипломды білім беру стандартын енгізудің құжатталған рәсімін әзірлеу.

Зерттеу нысаны

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасында қосдипломды білім беру бағдарламаларын реттейтін нормативтік құжаттар.

Зерттеу пәні

Зерттеу пәні – қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған стандарттар мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының сапа менеджменті жүйесіне енгізу.

Зерттеу әдістері

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі сапалық және сандық тәсілдерді біріктіретін аралас зерттеу әдістемесіне сүйенеді. Зерттеу барысында нормативтік-құқықтық актілер мен университеттердің ішкі құжаттарына контенттік-талдау, ғылыми әдебиеттер мен халықаралық тәжірибеге жүйелі шолу, Қазақстан, Еуропа және Азиядағы қосдипломды білім беру модельдерін салыстырмалы талдау, қосдипломды бағдарламалардың дамуы бойынша статистикалық деректерге екінші реттік талдау, сараптамалық сауалнама, сапа көрсеткіштерін ранжирлеу, сондай-ақ үдерістік схема мен өлшенетін индикаторлар жүйесін модельдеу әдістері қолданылды.

Материалдарды сандық өңдеу сипаттамалық статистика әдістеріне, көрсеткіштер динамикасын салыстыруға және ұсынылған модельді сараптамалық валидациялауға негізделді. Қолданылған әдістер зерттеу пәнін кешенді зерделеуді және алынған ғылыми әрі практикалық нәтижелердің негізділігін қамтамасыз етті.

Диссертация талаптарына сәйкес ғылыми нәтижелер Бірінші бөлімде Қазақстан Республикасындағы қосдипломды білім берудің жай-күйі мен даму үрдістеріне талдау жүргізілді. Қосдипломды бағдарламалардың сұранысы мен қазіргі модельдері қарастырылып, олардың таралу динамикасы, халықаралық әріптестіктер географиясы зерттелді, сондай-ақ оларды іске асыру барысында туындайтын негізгі ұйымдастырушылық және басқарушылық мәселелер айқындалды. Қосдипломды бағдарламалардың сандық өсуі сапаны басқару саласында стандартталған тәсілдерге көшуді талап ететіні негізделді.

Екінші бөлімде Болон процесі шеңберіндегі, сондай-ақ еуропалық және азиялық тәжірибелер аясындағы қосдипломды білім берудің халықаралық тәжірибесі зерттелді. Шетелдік тәжірибеде қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың ерекшеліктері, оқу жоспарларын келісу тәсілдері, оқу нәтижелерін өзара тану, академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру және сапаны қамтамасыз ету мәселелері айқындалды.

Қазақстандық, еуропалық және азиялық қосдипломды білім беру модельдеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Үшінші бөлімде цифрлық күн тәртібі, халықаралық және ұлттық нормативтік-саяси шеңберлер, сондай-ақ сапаны басқару тетіктері контекстінде қосдипломды білім берудің дамуындағы заманауи үрдістер зерттелді. Қосдипломды білім беруді жоғары оқу орнының сапа менеджменті жүйесінің дербес объектісі ретінде қарастырудың қажеттілігі негізделді.

Төртінші бөлімде зерттеу әдіснамасы ашылып көрсетілді, диссертациялық жұмыста пайдаланылған материалдар мен әдістер ұсынылды, сондай-ақ қосдипломды білім беру бағдарламаларын стандарттау мен сапасын қамтамасыз ету тәсілдері негізделді. Үдерістік басқару және стандарттау тұрғысынан қосдипломды бағдарламаларды жобалау, іске асыру, мониторингтеу және жетілдіру тетіктері жүйеленді.

Бесінші бөлімде зерттеудің негізгі қолданбалы нәтижелері ұсынылды. Қосдипломды білім беру сапасының өлшенетін көрсеткіштері моделі әзірленді, жоғары оқу орындары үшін әдістемелік ұсынымдар дайындалды, әзірленген тәсілдерді университеттің сапа менеджменті жүйесіне енгізу рәсімі ұсынылды, нормативтік базаны жетілдіру мәселелері қарастырылды, «Қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру» ұйым стандарты әзірленді, сондай-ақ қосдипломды бағдарламаларды енгізудің экономикалық тиімділігі бағаланды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы қосдипломды білім берудің Қазақстан жағдайында алғаш рет стандарттау, регламенттеу және сапаны үдерістік басқару объектісі ретінде қарастырылуымен айқындалады. Жұмыста қосдипломды білім беру бағдарламалары сапасының өлшенетін көрсеткіштері моделі әзірленіп, олардың университеттің сапа менеджменті жүйесіне интеграциясы негізделді, сондай-ақ мұндай бағдарламаларды сүйемелдеу мен нәтижелілігін бағалаудың құжатталған рәсімі ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің практикалық құндылығы

Зерттеудің практикалық құндылығы әзірленген әдістемелік ұсынымдарды, сапаның өлшенетін көрсеткіштері моделін және ұйым стандартын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тікелей пайдалану мүмкіндігімен анықталады. Алынған нәтижелер ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, қосдипломды білім беру бағдарламаларын жобалау және сүйемелдеу, пәндер мен оқу нәтижелерін өзара есепке алу рәсімдерін ұйымдастыру, академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету және университеттің ішкі сапа жүйесін жетілдіру барысында қолданылуы мүмкін.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелері негізінде қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыруды реттейтін ішкі нормативтік құжаттардың әзірленіп, енгізілуімен, сондай-ақ олардың нормативтік сүйемелдеу тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстардың қалыптастырылуымен расталады.

Автордың жеке үлесі

Автордың жеке үлесі зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дербес айқындауынан, оның әдіснамалық негізін қалыптастыруынан, қосдипломды білім берудің отандық және шетелдік тәжірибесіне талдау жүргізуінен, нормативтік базаны жүйелеуінен, сапаның өлшенетін көрсеткіштері моделін әзірлеуінен, әдістемелік ұсынымдар мен ұйым стандартын дайындауынан, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының практикасына енгізуге қатысуынан көрінеді.

Автор зерттеудің теориялық қағидаларын өз бетінше негіздеп, халықаралық тәжірибелерге салыстырмалы талдау жүргізді, қосдипломды бағдарламаларды стандарттау және ішкі сапаны қамтамасыз ету тетіктерін ұсынды, сондай-ақ ұсынылған шешімдерді енгізудің қолданбалы және ұйымдастырушылық тиімділігіне баға берді.

Жұмыс нәтижелерін апробациялау

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар аясында апробациядан өтті, оның ішінде «Сейфуллин оқулары-18» (Астана, 2022), «Сейфуллин оқулары-19» (Астана, 2023), Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін трансформациялау жөніндегі конференция (Семей, 2018), сондай-ақ «Сапа менеджменті: ізденістер мен шешімдер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Техас, 2023) баяндалды. Зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, сондай-ақ Scopus дерекқорында индекстелетін басылымдарда мақалалар жарияланды.

Зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының бірқатар жоғары оқу орындарына апробациялау үшін жолданды, ал Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде олардың негізінде ішкі нормативтік құжаттар, оның ішінде бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ереже және қосдипломды білім беру бойынша ұйым стандарты әзірленіп, енгізілді.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, бес бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның негізгі мәтіні 119 бет машиналық мәтіннен тұрады, 22 сурет пен 23 кестені қамтиды. Пайдаланылған дереккөздер тізімі 105 атаудан тұрады. Жұмысқа 7 қосымша енгізілген.